

## Экономикалық білім - ел дамуының негізі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.04.2026

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/188377/>

### Әбдіхалық Аят Маратұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Экономика және бизнес жоғары мектебінің

«Экономика» мамандығының 4 курс студенті

Қазіргі таңда экономиканың тұрақты дамуы кез келген мемлекеттің өркендеуінің басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Әлемдік нарықтағы өзгерістер, цифрлық технологиялардың дамуы, жаһандану үдерісі және жаңа экономикалық қатынастар қоғамның барлық саласына әсер етуде. Осындай кезеңде экономика саласын жетік меңгерген, кәсіби білікті мамандарға сұраныс күн сайын артып келеді. Себебі экономика – елдің қаржылық тұрақтылығы мен әлеуметтік әл-ауқатының негізі.

Бүгінде елімізде экономикалық білім беруге ерекше көңіл бөлінуде. Жоғары оқу орындары заманауи талаптарға сай білім беру жүйесін қалыптастырып, болашақ экономистерді даярлауда. Экономика саласындағы білім тек теориямен шектелмей, тәжірибелік дағдылармен толықтырылуы тиіс. Өйткені нарықтық қатынастарды түсіну, қаржылық талдау жасау, стратегиялық жоспарлау және кәсіпкерлік негіздерін меңгеру қазіргі заман маманы үшін аса маңызды.

Осы тұрғыда еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерге сапалы білім беруде маңызды рөл атқарады. Университеттің білім беру жүйесі халықаралық талаптарға сай ұйымдастырылған және студенттердің жан-жақты дамуына барлық мүмкіндік жасалған. Бұл оқу орнында білім алу – әрбір студент үшін үлкен жауапкершілік пен зор мүмкіндік.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті-нің экономика мамандығы бойынша 4-курс студентімін. Экономика саласын таңдауымның басты себебі – бұл мамандықтың қоғамдағы рөлінің ерекше маңыздылығы. Экономист маманы кез келген ұйымның, кәсіпорынның немесе мемлекеттің қаржылық жағдайын саралап, тиімді шешім қабылдауға ықпал етеді. Сондықтан бұл салада терең білім мен кәсіби дайындық қажет.

Университет қабырғасында біз макроэкономика, микроэкономика, қаржы, бухгалтерлік есеп, менеджмент, маркетинг және статистика сияқты маңызды пәндерді оқып, экономиканың негізгі заңдылықтарын меңгереміз. Бұл пәндер бізге тек теориялық білім ғана емес, практикалық тұрғыдан ойлау қабілетін де қалыптастырады. Сонымен қатар өндірістік тәжірибеден өту арқылы алған білімімізді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік аламыз.

Экономика мамандығы қазіргі таңда ең сұранысқа ие салалардың бірі. Себебі кез келген кәсіпорын немесе ұйым өз қызметін тиімді жүргізу үшін қаржылық талдау жасап, экономикалық жоспар құруы қажет. Экономистер осы процестің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Ел экономикасының тұрақты дамуы да осы саладағы мамандардың кәсібилігіне тікелей байланысты.

Әсіресе қазіргі кезеңде цифрлық экономика мен инновациялық жобалардың дамуы экономист мамандардың қызмет аясын кеңейтуде. Жасанды интеллект, үлкен деректерді талдау, цифрлық қаржы жүйелері және электрондық сауда секілді бағыттар экономиканың жаңа кезеңге өткенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардан жаңа білім мен жаңа көзқарасты талап етеді.

Студенттік өмір – тек білім алу кезеңі ғана емес, сонымен қатар тұлғалық және кәсіби қалыптасу кезеңі. Осы жылдар ішінде біз жауапкершілік, тәртіп, көшбасшылық қасиеттерді меңгеріп, болашақ өмірімізге қажетті тәжірибе жинақтаймыз. Университетте өткізілетін ғылыми конференциялар, форумдар және түрлі жобалар студенттердің білімін тереңдетіп, өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда 4-курс студенті ретінде мен үшін бұл кезең ерекше маңызды. Себебі алдағы уақытта алған білімімді тәжірибемен ұштастырып, кәсіби еңбек жолымды бастауға дайындалып жатырмын. Университетте алған білімім мен тәжірибем болашақта білікті экономист болып қалыптасуыма үлкен негіз болады деп сенемін.

Қорытындылай келе, экономика – елдің дамуының негізгі тірегі, ал экономикалық білім – сол дамудың басты құралы. Білімді, білікті және жауапкершілігі жоғары мамандар ғана ел экономикасын жаңа деңгейге көтере алады. Сондықтан жастар сапалы білім алып, өз саласының мықты маманы болуға ұмтылуы тиіс. Өйткені еліміздің жарқын болашағы – білімді жастардың қолында.